

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ:
ЖАҒАНДЫҚ АУҚЫМДАҒЫ ЖАҢА СЫН-ҚАТЕРЛЕР**

III Бөлім

**ДИСТАНЦИОННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
НОВЫЕ ВЫЗОВЫ ГЛОБАЛЬНОГО МАСШТАБА**

Часть III

**DISTANCE LEARNING:
NEW CHALLENGES ON A GLOBAL SCALE**

Part III

Нұр-Сұлтан, 2020

УДК 378
ББК 74.58
Д 48

Главный редактор: **Сыдыков Е.Б.**

Заместитель главного редактора: **Онгарбаев Е.А.**

Члены редакционной коллегии: **Ильясова А.С. (ответственный редактор), Сеилов Ш.Ж., Козыбаев Д.Х., Нурмодин Е.Е., Бейсенбай А.Б., Бекманова Г.Т., Мукажанова Л.Г., Дюсекеев К.А., Кушенова Г.И., Адамов А.А., Омарбекова А.С., Рахметулина Ж.Б., Алдонгаров А.А., Байхожаева Б.У., Бейсенова Р.Р.**

Д 48 Дистанционное образование: новые вызовы глобального масштаба: сборник статей/главный редактор Сыдыков Е.Б. – Нур-Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020. – 260 с.

ISBN 978–601–337–389–8

В данном сборнике, подготовленном Евразийским национальным университетом имени Л.Н. Гумилёва, представлены материалы международной конференции на казахском, русском и английском языках по вопросам дистанционного образования.

Выступления участников конференции посвящены актуальным проблемам и перспективам актуальных задач в области применения дистанционных технологий и распространение эффективного инновационного опыта на международном уровне.

Сборник рекомендован всем участникам образовательного процесса для обмена педагогическим опытом и дальнейшего повышения квалификации.

ISBN 978–601–337–389–8

УДК 378
ББК 74.58

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, 2020
© Институт повышения квалификации и дополнительного образования, 2020

**«ЖЕЛІЛІК ЗАҢГЕР» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ:
ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ӘСЕРІ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Жусипова Бакыт Ақылбаевна

Азаматтық, еңбек және экологиялық құқық кафедрасының доценті, з.ғ.к.

XXI ғасыр-ақпаратпен жұмыс істеуге бағытталған компьютерлік технологиялар ғасыры деп танылады және ақпараттық қоғам соңғы уақытта күн сайын жаңа ақпараттық ресурстарды қалыптастырады, сонымен бірге кез-келген заңгер үшін үнемі кездесетін кітапханалар, нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі, мемлекеттік органдардың ресми сайты, электронды үкімет, статистика, мұрағаттар мен мәліметтер базасының ресурстарын қолданудың мүмкіндіктеріне қол жеткізеді.

Осылайша, соңғы уақытта біздің қоғам ақпараттық қоғамға айналуға, сонымен қатар, қызметкерлердің көпшілігі осы объектіні-ақпаратты, өндірумен, сақтаумен, өңдеумен және сатумен т.б қызмет түрлерін қолданады әсіресе оның жоғары нысаны– білім беру болып табылады.

Мұның бәрі Қазақстанның білім беруді реформалаудың арқасында ақпараттық қоғамға көшу, әлемдік білім беру жүйесіне интеграциялану нәтижесінде пайда болды, бұл бірыңғай білім беру электрондық ортасын құруға бағытталған жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың білім беру процесіне енуіне және енгізілуіне байланысты қалыптасты.

Бұның объектісі-Интернет болып табылады, егер өз сөзіңізбен айтатын болсақ, Интернет – бұл компьютердің көмегімен қол жеткізуге болатын үлкен ақпарат жүйесі.

Білім туралы Заңының 1-бабының 38-тармағына сәйкес «қашықтықтан білім беру технологиясы» – білім алушы мен педагогтің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту» деген ұғым берілген, сонымен қатар, 27-бабында «Жеке адамның қажеттіліктері мен мүмкіндіктері ескеріле отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнына, білім берудің әрбір деңгейін алуға қол жеткізу жағдайларының жасалуына қарай оқыту күндізгі, кешкі, сырттай оқу, экстернат және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар (балалар) үшін қашықтықтан оқыту нысанында жүзеге асырылады» деген норма бекітілген[1]

Демек, жеке адамның қажеттіктері мен мүмкіндерін ескеріп, білім беру жүйесінде білім беру бағдарламасының мазмұнында қашықтықтан оқыту нысаны қарастырылған.

Алайда, қазіргі Әлемді дүр сілкіндіріп тұрған мына Пандемия білім беру жүйесіне де кері әсерін тигізіп отыр, аталған Білім Заңында қашықтықтан оқыту нысаны қаралғанмен оны реттейтін құқықтық аспектілері, арнайы нормативтік құқықтық актілер, мемлекеттік бағдарламалар, нұсқаулықтардың жоқтың қасы сонымен қатар интернет арқылы сабақ өткізу барысында цифрлық білім беру контентінің және толыққанды бағдарламалық қамтамасыз ету үшін IT білімнің жеткіліксіздігі, интернет желісінің әлсіздігі т.б мәселелердің орын алуы Қазақстанда білім беру жүйесінің Интернет ресурстарын пайдалану арқылы қашықтықтан оқыту сапасының әлсіздігін көрсетті. Дегенмен, арнайы мемлекеттік органдар бұл аталған мәселелерді шешудің жолдарын алға қоюды міндеттеді.

Цифрландыру білім беру қатынастарында оқытушының маңызды сипаттамасы оның цифрлық сауаттылығы болып табылады. Оның цифрлік оқу мазмұнын құру және жүзеге асыру мүмкіндігі және қойылған мақсаттарға жету сапасын бағалаудың электронды жаңа технологиялары, сандық кеңістіктегі білім беру қатынастарының басқа қатысушыларымен байланысы, компьютерлік бағдарламалау дағдылары болуы тиіс.

«Қоғамның ақпараттық қауіпсіздігі – сыртқы және ішкі қауіп-қатерлерден ақпараттық құралдарды қолдана отырып, экономикалық, әлеуметтік, халықаралық және рухани құндылықтарды қорғау» [2,276]

Қоғамның ақпараттық қауіпсіздігі қоғамға қатысты тактикалық және стратегиялық негізгі мақсаттарды көздейтін елге қарсы ақпараттық соғыс барысында оны зиянды ақпараттық әсерлерден қорғаумен қамтамасыз етіледі.

Бүгінде цифрландыру процесі Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану, қоғамның барлық секторларының цифрлық құжат айналымын қамтамасыз ету, АКТ саласындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік бағдарламалар мен Тұжырымдамалар қабылданды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" жолдауы, сондай-ақ "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы қабылданды [3]

Виртуалды әлемде сандық кеңестік қоғамды басқару халықаралық, мемлекеттік, үкіметтік бақылауды жүзеге асыру қағидаттары бойынша ұйымдастырылады.

Виртуалды әлемде (желіде) өзара іс қимылды қалыптастыратуды жүзеге асыратын сонымен қатар интернеттегі адамның құқығын, интеллектуалдық меншік құқығын қорғау жүйесін әзірлейтін маман қажеттілігі туындайды.

Желілік заңгер мамандығын қалыптастырудың алғышарттары жоғарыда аталған мемлекеттік бағдарламалар аясында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, азаматтық, еңбек және экологиялық құқық кафедрасы виртуалды әлемнің талаптарына жауап беретін мамандық дайындау үшін 5B030100 - «Құқықтану» мамандығы шеңберіндегі «Желілік заңгер» эксперименталды білім беру бағдарламасын әзірледі.

Аталған білім беру бағдарламасы ҚР БҒМ 2015 жылғы 27 наурыздағы №139 «Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен, сондай-ақ ҚР БҒМ-нің 2018 жылғы 5 шілдедегі № 319 Жоғары оқу орындарының базасында эксперименттік білім беру бағдарламаларын іске асыру туралы бұйрығы негізінде бекітілді.

Білім беру бағдарламасының мақсаты Интернет желісінде жұмыс атқару үшін болашақ заңгерлердің еңбек нарығы, жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруды белгілейді.

Заңгер қызметі үшін Интернет-ресурстарды пайдалану мүмкіндіктері оның ажырамас бөлігі болып табылады, өйткені заң қызметкерінің жұмысы жаңа ақпаратпен тікелей байланысты.

Еңбек нарығының тез өзгертін жағдайында түлектердің ұтқырлығын қамтамасыз ету және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар басым ортаға бейімделу өте маңызды болып табылады.

"Желілік заңгер" (бұдан әрі –ЭОП) – тың негізгі идеясы - БАҚ, Интернет, жаңа цифрлық медиа-және жалпы ақпараттық қоғам саласында жұмыс істеу үшін коммуникацияның аралас салаларында жоғары білікті кадрлар даярлау [4]

Біқпалды ақпараттық қоғамдастық үшін виртуалды шындықтағы әрекеттерді реттеуге және желідегі тәртіптің сақталуын бақылауға мүмкіндік беретін қуатты заңнамалық база қажет. Демек, заңгерлік білімі бар және ақпараттық жүйелердегі мәліметтерге қолданатын негізгі операцияларды білетін арнайы адамдарға сұраныс туындайды.

Мұндай адамдар желі мен желі пайдаланушылардың өзара қарым-қатынасына қатысты қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізеді, сондай-ақ желі пайдаланушыларға қажетті мәліметтер бойынша кеңес береді. Олар желілік заңгерлер деп аталады.

Желілік заңгер желіде нормативтік құқықтық өзара іс-қимылды қалыптастырумен айналысатын (соның ішінде виртуалды әлемде), Интернеттегі адам құқығы мен меншікті құқықтық қорғау жүйесін (виртуалды меншікті қоса алғанда) әзірлейтін маман.

Цифрлық білім беру бағыттары құқықтық қамтамасыз етуді қажет етеді, оның шеңберінде білім алушылар дербес ізденуге, қажетті ақпаратты іріктеуге мүмкіндіктер береді.

Білім беру бағдарламасы шеңберінде «Желілік заңгер» мамандығы мынандай құзыреттілікке ие болады:

- Google қызметтері арқылы сайттар құруды үйренді;
- электрондық ақпараттық ресурстармен жұмыс жасай біледі.
- ақпараттық жүйелер мен телекоммуникация желілерін қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді біледі, оларға түсініктеме бере алады;
- интернет желісіндегі сараптамалық-кеңес беру қызметі;
- азаматтық-құқықтық түсініктерді, анықтамаларды біледі;
- негізгі ұғымдар бойынша интеллект картасын жасады;
- киберқылмыстардың алдын-алу, қоғамдық тәртіпті қорғауға; құқық бұзушылықтардың алдын алуға, жолын кесуге, оларды анықтау және тергеуге қабілетті;
- ақпараттық жүйелерде мәліметтер базасын (бұдан әрі-АЖМБ) құрудың теориялық негіздерін, ақпараттық жүйелердегі мәліметтерге қолданатын негізгі операцияларды білу қабілетті;
- web-бағдарламалаудың негізгі технологиясы мен интернет сайттар жасаудағы заманауи әдістерін үйрену;
- құқықтық құжаттарды дайындауда дағдыларды меңгерген;
- ақпараттық құқық тарихын зерттеу;

– ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі – АКТ) қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың негізгі бағыттарын талдауға қабілетті.

Болашақта Ақпарат көлемінің өсуінен жаңа қауіпсіздік жүйелеріне, деректерді сараптау және қорғау әдістеріне қажеттілік туындайды, әсіресе ақпараттық құқықбұзушылықтар мен қылмыстардың көбеюіне қауіп төніп отыр, сондықтан азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін білікті кең профилді IT технологияны меңгерген желілік заңгер маманына сұраныс арта түседі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылы 27 шілдедегі № 319 Заңы.// <http://adilet.zan.kz/kaz/>

2. Ковалева, Н. Н. Информационное право России (2-е издание) : учебное пособие / Н. Н. Ковалева. – Москва: Дашков и К, Ай Пи Эр Медиа, 2016. — 352 с. — ISBN 978-5-394-01486-4. – Текст: электронный // Электронно-библиотечная система IPR BOOKS : [сайт]

3. Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>

4. Сактаганова И.С. Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева – инновационный вуз по продвижению экспериментальной образовательной программы «Сетевой юрист» 06.12.2018// <https://bilimdinews.kz/?p=20430>